

"Білім еліне саяхат" тақырыбында 3-4 сыныптар апталығы.

2024 жылдың 18-25 қараша аралығында мектеп-гимназиямызда "Білім еліне саяхат" тақырыбында 3-4 сыныптар апталығы өтті. Апталық ашылу салтанатынан басталды. Оқушылар ән айтып, би билеп, көркем сөз оқып өз өнерлерін көрсетті. Апталық барысында сынып мұғалімдері ашық сабақтарын өткізіп, сыныптан тыс іс-шараларын жүргізді. 3 "Д" сыныбымен Бектенова Г.С. жаратылыстану пәнінен "Қан айналым жүйесі қалай жұмыс істиді" тақырыбында, 3 "А" сыныбымен Сейдахова Г.Ш. қазақ тілі пәнінен "Түбір мен қосымшаның жазылуы", 3 "В" сыныбымен Тәкілова Г.О. дүниетану пәнінен "Спорт денсаулық кепілі", 3 "Г" сыныбымен Дүйсенкулова М.У. әдебиеттік оқу пәнінен "Түскі тамақ-күшті тамақ", 3 "Б" сыныбымен Бажыканова С.А. математика пәнінен "Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу" тақырыптарында, 4 "А", "Б" сыныптарымен Әубәкір А.Ғ. әдебиеттік оқу пәнінен "Кітап-асыл қазына", Жаканова А.У. "Алтын сақа" тақырыптарында, 4 "В" сыныбымен Абдрахманова А.С. қазақ тілі пәнінен "Сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері", 4 "Г" сыныбымен Ибраева С.Д. жаратылыстану пәнінен "Заттардың қасиеті өзгердіме?" тақырыптарында ашық сабақтарын өткізді. Әр ұстаз өз сабақтарына үлкен шығармашылықпен, ізденушілікпен дайындалған. Өз сабақтарында жаңа технология әдістерін, жасанды интелект түрлерін, түрлі платформаларды қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыра білді. Ашық сабақтарға мектеп-гимназиямыздың оқу және ғылыми ісі жөніндегі орынбасарлары мен басқада әріптестері қатысып тәжірибе алмасып, өз бағаларын берді.



